



010000, Астана қаласы, Министрліктер үйі  
Мәңгілік Ел даңғылы, 8, 14-кіреберіс  
тел.: 8 (7172) 74-13-34  
e-mail: k.kense@mki.gov.kz

010000, город Астана, Дом Министерств  
проспект Мәңгілік Ел, 8, 14 подъезд  
тел.: 8 (7172) 74-13-34  
e-mail: k.kense@mki.gov.kz

№

**Е.Д. Бақберген**

Алматы облысы, Алматы қаласы,  
Қазыбек би көшесі, 117/207  
Тел.: +770761362376

№ ЖТ-2024-03458960

### **Құрметті Ернұр Дәулетұлы!**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті (бұдан әрі – Комитет) жоғарыда көрсетілген хатты өз құзіреті шегінде қарап, келесіні хабарлайды.

1. Қазақстан аумағында жүргізілетін археологиялық жұмыстарды реттеуге ықпал көрсету мақсатында 2019 жылы 26 желтоқсанда қол қойылған Қазақстан Республикасының «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңы (бұдан әрі – Заң) шеңберінде археологиялық жұмыстарды жоспарлау арқылы жүргізу институты енгізілді. Бұл елімізде жүргізілетін археологиялық жұмыстарды жүйелеудің бірден-бір айқын жолы деп пайымдаймыз.

Бүгінгі күнге осы Заңның 33-бабына сай археологиялық жұмыстар уәкілетті орган бекіткен археологиялық жұмыстар жоспары негізінде жүзеге асырылады. Археологиялық жұмыстарды жоспардан тыс жүргізуге жол берілмейді.

Аталған жоспар уәкілетті органмен (Министрлік) мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың ұсыныстарын ескере отырып, алдағы күнтізбелік жылға жасақталады. Бұл еліміздің аумағында жүргізіліп жатқан археологиялық жұмыстардың ретін қадағалап отыруға мүмкіндік береді.

Осы орайда, елімізде жүргізіліп жатқан археологиялық жұмыстардың жүйесі қалыптастырылып келеді.

Сонымен қатар аталған Заңның шеңберінде археологиялық жұмыстарға қатысты мәселелерді реттеуге бағытталған пәрменді нормалар енгізілді, атап айтқанда:

- тарихи-мәдени мұра, сонымен қатар, археология объектілерінің мәртебесін белгілі мерзімде айқындау (4-бап);
- археологиялық жұмыстарды жүргізуге арналған лицензияны алу кезіндегі ғылыми жетекшіге талапты күшейту (12-бап);
- археологиялық жұмыстарды жоспарға сәйкес жүргізу (33-бап);
- археология жұмыстарын жүргізу тәртібі мен шарттарын енгізу (10-бап);
- археологиялық жұмыстардың есебін, табылған олжалар мен коллекцияларын ұсыну (34-бап);
- жерді игеру кезінде археологиялық жұмыстарды қамтамасыз ету (30-бап).

Бүгінгі күнге елімізде барлығы 12 867 тарих және мәдениет ескерткіші болса, оның 10 мыңнан астамы мемлекеттік тізімге енгізілген археологиялық ескерткіштер. Сонымен қатар, 12 мыңнан астам археологиялық ескерткіш алдын-ала тізімге енгізілген.

Ал, археологиялық ескерткіштердің тоналу санына келсек, бүгінгі күнге нақты тоналу фактілері тіркелген ақпараттың жоқ екендігін мәлімдейміз.

2. Еліміздің аумағында табылып, шетелде сақталып отырған ескерткіштердің нақты саны белгісіз, бірақ ғылыми жұмыстардың негізінде жинақталған мәдени құндылықтар Франция, Ресей, Өзбекстан, Тәжікстан, Татарстан мемлекеттерінде кездеседі.

Осы шешіммен келіспеген жағдайда Сіз, Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процесстік Кодексінің 91 бабына сәйкес әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасауға құқылы екендігіңізді назарыңызға жеткіземіз.

**Төрағаның орынбасары**

**А. Қапашев**